

## **Ресей Федерациясымен экономикалық қатынастарды ұлғайту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 жылғы 5 наурыздағы N 60

Ресей Федерациясымен экономикалық қатынастарды ұлғайту, оның Солтүстік-Батыс аймағымен /Санкт-Петербург қаласы/ іскерлік байланыстарды дамыту және республиканың нарығын халық тұтынатын тауарлармен, азық-түлікпен, материалдық-техникалық ресурстармен молықтыру мақсатында:

1. Алматы облысы әкімінің, Санкт Петербург қаласы мэриясының, Қазақстанның "Әлем" халықаралық іскерлік және мәдени ынтымақтастық қауымдастығының Алматы мен Санкт Петербург қалаларында "Қазақстан-Санкт-Петербург сауда үйі" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорнын құру жөніндегі бастамасына мақұлдау білдірілсін.

2. Сауда үйінің негізгі функциялары өзара халық тұтынатын тауарлар беріп тұруды ұйымдастыру, бірлескен инвестициялық және коммерциялық жобаларды үйлестіру, тұрмыс қажетін өтеу, қоғамдық тамақтану, демалыс, денсаулық сақтау мен байланыс саласында ұйымдарға, кәсіпорындарға және азаматтарға қызмет көрсететін фирмалық дүкендер мен басқа да мамандандырылған кәсіпорындар құру, негізгі қызметіне байланысты өзге де жұмыстар мен қызметтерді атқару екені еске алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Байланысмині Сауда үйінің өтінімдері бойынша телекс, телефакс және басқа байланыс құралдары орнатылуын қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысының әкімі Сауда үйіне қажетті өндірістік және қызметтік үй-жайлар бөлуде көмек көрсетсін.

5. Сауда үйіне осы мекеменің және оның қарамағындағы бөлімшелердің делегациялары мен мамандарының шет елдерге қызмет бабындағы іссапарға шығуы туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылдауына рұқсат етілсін.

6. Министрліктер, ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Сауда үйінің нақты қызметіне жәрдемдесіп отыратын болсын.

Премьер-министр